**JANAGÜL ŞIÑĞISHANKIZİ SAMETOVA'NIN "*MODERN KAZAK NESRİNDE SANATSAL ARAYIŞLARLA YÖNELİMLER VE BUNUN ÖĞRETİMİ (21. YÜZYIL)*" BAŞLIKLI "6D011700 - KAZAK DİLİ VE EDEBİYATI" ANABİLİM DALINDA DOKTORA (PhD) UNVANINI ALMAK İÇİN HAZIRLADIĞI DOKTORA TEZİNE YURT DIŞI DANIŞMANININ RAPORU**

**1. Konunun Güncelliği**

Dünya edebiyatının ya da millî edebiyatın gelişimi yolunda tarihsel olarak yerleşen ortak sanatsal fenomenlerin,eğilim ve yön kavramlarının araştırılma tarihine bakılırsa bir tutarlılık tespit etmek zordur. Bugüne kadar, birçok sanatçının eserlerindeki sosyo-ideolojik, bilişsel ve estetik benzerliklerden kaynaklanan bu edebi-teorik kategorilerin doğasının tanınması, çelişkili görüşlerden kurtulamamıştır.

Millî edebiyattaki eğilimler ile yöntem değişiklikleri, milletin sanatsal gelişimindeki en önemli kilometre taşları ve edebiyat normlarının uygulanabilirliğinin açık bir göstergesidir. Edebi akımların sanatsal arayışlar, yöntemler ve türler ile ilişkisi bizleri bir dizi bilimsel sonuca götürmektedir. Yöntemlerin ve edebi hareketlerin karşılıklı ilişkileri, belirli türlerin gelişmesine yol açmıştır. Türler de sürekli gelişen birer fenomen olduklarından edebi gelişim aşamalarının yöntemleri ve edebi eğilimleri kendine özgü niteliklerini bereberinde getirmiştir. Bu nedenle, Kazak düzyazısının gelişim yönü, yenilikçi eğilimlerin yeri ve özellikleri, konunun güncelliğini ve önemini artırmaktadır.

Belagat ile iç içe geçmiş edebî eserlerin imgesini ve doğruluğunu ifade etmek için farklı yöntem ve teknikler kullanmak, dilin güzellğini ortaya çıkarmada etkili bir yöntemdir. Son zamanlarda edebî tenkit alanındaki bazı geleneksel araştırmalarla birlikte, edebiyat öğretiminde yeni yöntem ve teknolojileri kullanma pratiği zemin kazanmaktadır. Bu bağlamda bu araştırma, modern Kazak düzyazısındaki sanatsal arayışlarla eğilimlerin incelenmesini konu edinmektedir. Başka bir deyişle, sanatsal arayış ve eğilimleri belirleme ve öğretme yöntemlerinde -dikkat eksikliği de dâhil olmak üzere- XXI. yüzyılın düzyazısının modern edebiyat sürecini öğretme sistemine uyum eksikliği, günümüz edebiyat öğretim sisteminde güncel bir konu hâline gelmektedir.

**2. Elde Edilen Sonuçların Geçerliliği, Güvenilirliği ve Yenilik Düzeyi**

Bu doktora tezinde, modern edebiyat bilimindeki sanatsal yöntemlerle eğilimlerin bilimsel-teorik ve metodolojik biçimde ilk kez geniş bir yelpazede ele alınmaktadır. Kazakistanlı ve yabancı bilim adamlarının felsefi, psikolojik ve pedagojik eserleri incelenmiştir.

Millî edebiyatın gelişme düzeyi, sanatsal arayış ve yönelimlerin sorunları bilimsel olarak analiz edilmiş ve bu konuya yeni bir yaklaşımın, tüm sanatsal bütünlüğün tezahür etmesinde büyük önem taşıdığı gösterilmiştir.

-Çağın değişimi ve dolayısıyla modern edebiyattaki eğilimlerin de değişimi, farklı yüzyılların benzerliği ve tarihsel sıralaması, kademeli veya belirli bir değişim düzeninin yasaları gibi olaylar analiz edilmiş ve incelenmiştir.

- XXI. yüzyılın eserlerine yansıyan, tarihsel olarak edebiyatın gelişiminde şekillenen Kazak düzyazısına özgü edebî eğilimler tanımlanmış, modern Kazak düzyazısındaki yeni imgesel arayışların geçen yüzyılın edebî kavramlarından açıkça ayrıldığı yönler gösterilmiştir.
- Yeni yüzyıla yayılan her tür düzyazı türünde, sanat arayışlarına, yazarların sanatsal düzeylerinin evrilmesine, yaratıcı eserlerin sanatsal arayışlardaki etkisine göre görüntünün özelliklerini belirlemek için fikirler üretilmiştir.
- Yükseköğretimde "Modern Edebiyat Süreci" konusunu öğretmenin mevcut durumunun bilimsel ve metodolojik analizi, sanatsal araştırmalarla ilgili konular ve standart müfredattaki eğilimlere de yer verilmiştir.
- İlk kez, belirli edebî ve teorik kategorileri öğretmek için bir yöntem geliştirilmiş ve "Modern Kazak Nesrinde Sanatsal Arayışlarla Yönelimler" konulu bir ders açılması teklif edilmiştir.
- Yeni pedagojik teknolojilerle modern Kazak nesirlerinde sanatsal arayış ve eğilimleri öğretmenin yollarını araştırmak, yeni bir edebi-teorik analiz modeli oluşturmak, yeni araştırma ve kurgudaki eğilimlere hâkim olmanın mantığını belirlemek tezin amaçları arasındadır.
- "Modern Kazak Nesrinde Sanatsal Arayışlarla Yönelimler" dersinin felsefî meseleleri, pedagojik esasları ve psikolojik görünüşleri belirlenmiş ve müfredat programı geliştirilerek etkinlik düzeyi deneysel olarak kanıtlanmaya çalışılmıştır.

## 3. Araştırma Sonuçlarının Teorik ve Pratik Önemi

Bir sanat eserinin analizinde sadece fikirlerin ve kompozisyonların değil, aynı zamanda birçok açıdan da eseri inceleme ve analiz etmenin mümkün olduğu gösterilmeye çalışılmıştır. Analiz yöntemlerine, kavramsal sorunlara, öğretimin amaç ve hedeflerine, edebî bilginin içeriğine, onu tanımlayan ilkelere ve öğretim yöntemlerini geliştirme ve güncelleme ihtiyacına metodolojik bir yaklaşım temel oluşturmaktadır. Öğrencilerin sunulan yeni disiplinde aldıkları bilgi alanının millî değerlere dayanarak edebiyat öğretmeni kişiliğinin oluşumunda sosyal, kamusal, psikolojik, pedagojik önemi ifade edilmiştir. Düzyazı eserlerinin zaman, toplum, kişi, durum ve karakter, millî bilinç, felsefî düşünce, psikolojik önem, pedagojik temel olarak "Modern Kazak edebiyatı", "Modern edebi süreç", "Edebiyat teorisi" gibi alanlarda analiz yollarını belirleyen bu tez çalışmasının sonuçları, Kazak edebiyatını öğretme yöntemleri arasında alternatif bir konu, ders ve seminerlerde kullanılabilir.

## 4. Araştırma Sonuçlarının Geçerlilik ve Doğruluk Derecesi

Geleceğin Kazak dili ve edebiyatı öğretmenlerine, filologlara ve edebiyat uzmanlarına edebî eserlerdeki sanatsal arayış ve eğilimleri, yenilikçi yönleri, yenilik ile gelenek arasındaki ilişkiyi belirlemeyi öğretmek amaçlanmıştır. Modern nesir öğretiminin etki düzeyini geliştirmek, sanatsal arayış ve eğilimleri tespit etmek, konuya olan ilgiyi ve Kazak edebiyatının önemini arttırmaktadır.

5. **Tezin Ayrı Olarak Yazılmış Bilimsel Yeterlilik Çalışması İçin Gerekliliklere Uygunluğu**

J. Ş. Sametova'nın "6D011700 - Kazak Dili ve Edebiyatı" Anabilim dalında Doktor (PhD) unvanını alabilmek için hazırladığı "Modern Kazak Nesrinde Sanatsal Arayışlarla Yönelimler ve Bunun Öğretimi (21. Yüzyıl)" başlıklı doktora tezinin bilimselliği ve etki düzeyi başarılıdır. Tez çalışması tamamlanmış, bağımsız olarak yürütülen bir bilimsel çalışmadır. Tezin sonuçlarının kendi içindeki tutarlılığı, giriş bölümünden diğer bölümler ile sonucuna değin bilimsel istikrarını korumaktadır.

Tezin bölümleri birbiriyle yakından ilişkilidir ve sistematik olarak birbirini doğrulamaktadır. Elde edilen sonuçlar, varsayımları doğrulayarak araştırmanın hedeflerine ulaşmayı amaçlamaktadır.

6. **Makalelerin Yeterliliğinin Doğrulanması, Temel Kurallar, Sonuçlar, Tezin Özeti ve Sonucu**

Tezin temel kaideleri, sonuçları, değerlendirme ve yorumları, araştırma probleminin çözümü, araştırmanın temel unsurları bilimsel makale ve bildiri türünde uluslararası ve ulusal bilimsel kongre ve sempozyumlarda, impact faktörü yüksek Scopus gibi uluslararası indekslerce taranan*Millî Folklor* dergisinde, bilim alanı komitesinin önerdiği ulusal dergilerde, okulların çeşitli yayın organlarında ve basında yayınlanan bilimsel dergilerde yayımlanmıştır. Tez içeriğiyle ilgili yeterli düzeyde bilimsel yayın yapılmıştır.

7. **Kamuya Açık Tez Savunması İçin Öneri**

Yukarıda belirtilen gerekçeler doğrultusunda bu bilimsel araştırmanın uygulama düzeyi, teorik ve pratik öneminin "akademik unvan verme kurallarını" da göz önünde bulundurarak Janagül Şıñğıshankızı Sametova'nın "6D011700 - Kazak Dili ve Edebiyatı" Anabilim dalında Doktor (PhD) unvanını alabilmek için hazırladığı "Modern Kazak Nesrinde Sanatsal Arayışlarla Yönelimler ve Bunun Öğretimi (21. Yüzyıl)" başlıklı doktora tezini savunulmaya değer bulmaktayım.

**Yurt Dışı Danışmanı** **Prof. Dr. Fikret TÜRKMEN**

**Шетелдік кеңесшіден Саметова Жаңагүл Шыңғысханқызының «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)» атты тақырыптағы «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін жазылған жұмысына**

**ПІКІР**

**1. Тақырыптың өзектілігі**

Әлемдік немесе ұлттық әдебиеттің даму жолында болсын тарихи қалыптасқан ортақ көркемдік құбылыстар – ағым мен бағыт ұғымдарының зерттелу тарихына зер салсақ, бірізділікті аңғару қиын. Бірнеше суреткерлер шығармашылығына тән әлеуметтік-идеялық, танымдық-эстетикалық ұқсас қасиеттардан туындайтын аталмыш әдеби-теориялық категориялардың табиғатын тану бүгінгі таңға дейін қайшылықты пікірлерден арыла алған емес.

Ұлттық әдебиеттегі ағымдар мен әдістердің ауысулары сол ұлттың көркемдік дамуының аса айқын белестері және әдебиет заңдылықтарының жүзеге асуының нақты көрсеткіштері. Әдеби ағымдардың көркемдік ізденістермен, әдістермен, жанрмен қарым-қатынасы біршама ғылыми тұжырымдар жасауға жетелейді. Әдістер мен әдеби ағымдардың ішкі байланыстары белгілі бір жанрлардың дамуына жол ашты. Жанрлар үздіксіз даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, оған әдебиет даму кезеңдеріндегі әдістер мен әдеби ағым-бағыттар өз ерекшеліктерін әкеліп отырды. Сондықтан қазақ прозасының даму бағытын, ондағы жаңашыл ағымдардың орнын, ерекшелігін қарастыру тақырыптың өзектілігін айғақтайды.

Көркем сөз кестесімен өрілген әдеби шығармалардың бейнелілігі мен дәлдігін, ұлттық тілдің сұлу айшықтарын жан-жақты танытуда түрлі әдіс пен тәсілдерді қолдану тиімді болып отыр. Соңғы кездері әдебиеттану ғылымының әр саласы бойынша дәстүрлі зерттеулермен қатар әдебиетті оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолдану тәжірибесі де кең өріс алуда. Осыған орай осы зерттеу жұмысы қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдарды оқыту мәселесіне арналады. Яғни, қазіргі әдеби процессті оқыту жүйесінде XXI ғасыр прозасының кіріккпегендігі, оның ішінде көркемдік ізденістер мен ағымдарды анықтау мен оқыту әдістемесіне баса көңіл бөлінбегендігі де бүгінгі әдебиетті оқыту әдістемесі жүйесінде көкейкесті мәселеге айналып отыр.

**2. Алынған нәтижелер негізділігі мен дәйектілігінің, олардың жаңалығының дәрежесі.** Диссертациялық жұмыстың *дәйектілігі* қазіргі әдебиеттану ғылымындағы көркемдік әдістер мен ағымдардың алғаш рет кең көлемде жан-жақты ғылыми-теориялық, әдіснамалық, әдістемелік тұрғыдан көтерілуінен танылады. Зерттеу мәселесіне қатысты қазақстандық, шетелдік ғалымдардың философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектері зерделенген.

Ұлттық әдебиеттің даму деңгейін, көркемдік ізденістер мен ағымдар мәселесін ғылыми бағытта саралап, бұл мәселеге жаңа тұрғысынан келу күллі көркемдік тұтастықты танытуда үлкен маңызға ие екендігін көрсете білген.

- дүниежүзілік дәуірдің ауысуы, осыған орай көркем әдебиеттегі ағым-бағыттардың алмасуы, әр ғасырлардағы ұқсастығы әрі тарихи жүйелігі, сатылы немесе белгілі бір тәртіппен өзгеру заңдылықтары сынды құбылыстар талданып, зерделенеді;
- қазақ прозасына тән, әдебиеттің даму жолында тарихи қалыптасқан, XXI ғасыр шығармаларынан көрініс тапқан әдеби ағымдар анықталып, қазіргі қазақ прозасындағы жаңаша көркемдік ізденістердің өткен ғасырдағы әдебиеттанушылық ұғымдардан айырмашылықтары нақты көрсетіледі;
- жаңа ғасырға қанат жайған проза жанрының барлық түрлерінде көркемдік ізденістерге сай бейнелеу ерекшеліктері, қаламгерлердің көркемдік таным эволюциясы, шығармашылық туындыларының көркемдік ізденістегі ықпал-әсері белгілі бір кезеңнің ауқымында айқындау жолында ой-тоқтамдар жасалады;
- қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан «Қазіргі әдеби процесс» пәнін оқыту жайына, типтік-оқу бағдарламаларындағы көркемдік ізденістер мен ағымдарға қатысты тақырыптарға ғылыми-әдістемелік талдау жүргізіледі.
- алғаш рет жекелеген әдеби-теориялық категорияларды оқыту әдістемесі жасалынып, «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар» атты арнайы курс ұсынылады;
- қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдарды жаңа педагогикалық технологиялармен оқытудың жолдары іздестіріліп, әдеби-теориялық талдаудың жаңа үлгісі жасалынып, көркем шығармадағы жаңа ізденістер мен ағымдарды меңгертудің ұтымдылығы анықталады;
- «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар» курсының философияның мәселелері, педагогикалық негіздері, психологиялық аспектілері анықталып, оқу бағдарламасы жасалынады, тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденеді.

**3. Алынған жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы.**

Көркем шығарманы талдағанда оның идеясы мен композициясына ғана емес, әлденеше қырынан зерттеуге, талдауға болатындығын дәлелдеу. Сол талдау жолдарының әдістерін, тұжырымдамалық мәселелерін, оқытудың мақсат-міндеттерін, әдеби білім мазмұнын, оны айқындайтын ұстанымдарды және оқыту әдістемесін жетілдірудің, жаңартудың қажеттілігін әдіснамалық тұрғыда қарастыруға негіз болады. Студенттердің біз ұсынып отырған жаңа пәннен алатын білім аясының ұлттық құндылықтарға негізделіп әдебиетші-мұғалім тұлғасының қалыптасуы мен дамуының әлеуметік, қоғамдық, психологиялық, педагогикалық мәнділігін тұжырымдауға септігін тигізеді. Прозалық шығармаларды талдау уақыт, қоғам, адам, жағдай мен кейіпкер мінезі, ұлттық сана, философияқ ой, психологиялық маңыз, педагогикалық

негіз жолдары анықталатын бұл ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Қазіргі әдеби процесс», «Әдебиет теориясы», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндеріне альтернативті пән, арнаулы курс, семинар жүргізуде пайдалануға болады.

**4. Алынған жұмыс нәтижелердің негіздемелік және шынайылық дәрежесі.**

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің, филолог-әдебиетші мамандардың әдеби шығармалардағы көркемдік ізденістер мен ағымдарды, жаңашыл бағыт-бағдарларды, жаңашылдық пен дәстүр арақатынасын анықтай алуына үйретеді. Қазіргі прозаны көркемдік ізденістер мен ағымдарды анықтай отырып оқытудың өзектілігін, пәнге деген қызығушылығын дамытады, қазақ әдебиеті пәнінің маңыздылығын арттырады.

**5. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.**

Ж.Ш.Саметованың «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)» атты диссертациялық жұмысының ғылымилығы мен көкейкестілігіне күмән келтірмейді. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертация нәтижелерінің ішкі тұрақтылығы кіріспедегі ғылыми аппаратында, бөлімдерінде және тұжырымдарында көрініс тапқан, зерттеу материалдары тұтастылығымен, логикалық бірізділігімен қамтамасыз етілген.

Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өзара тығыз байланысты және бірін-бірі жүйелеп негіздейді. Алынған нәтижелер қойылып отырған болжамдарды негіздеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.

**6. Мақалалардың жеткіліктілігін растау, негізгі ережелер, нәтижелер, диссертацияның түйіні мен қорытындысы.**

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы, зерттеу мәселесінің шешімі зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, Scopus *(Milli Folklor)* ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарында, Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда, мектептердің әдістемелік кеңестерінде және баспасөз бетінде жарық көрген ғылыми мақалаларда, әдістемелік нұсқауларда көрініс тапқан. Диссертация мазмұны бойынша ғылыми мақалалар жарияланған.

**7. Көпшілік алдында қорғауға жіберуге ұсыну.**

Сонымен, жоғарыда айталғандардың негізінде ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығының «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, Саметова Жаңагүл Шыңғысханқызының «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD докторы

ғылыми дәрежесін алуға дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Шетелдік кеңесші:** **Доктор, профессор**
**Фикрет Түркмен**

# АУДАРМАНЫҢ ДӘЛМЕ-ДӘЛДІГІН РАСТАУ

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Қосымша тіркелген құжаттың түрік тілінен қазақ тіліне аудармасы түпнұсқаға сәйкес келетінін осы құжатпен растаймын, осыны растай отырып, өз қолтаңбам мен мөрімді бүгін 2020 жылы 21-ші желтоқсанда қоямын.

Аудармашы Досымова Мария Нурбаевна

Мөр: